г) мектептің жұмыс барысына қажетті жағдайда мұғалімнің жұктемесі өзгертіледі;
8.3. Оқу кестесі, қолайлы еңбек тәртібі мен оқушылардың демалысын және педагог қызметкерлердің уақытын барынша ұнемдеу мақсатына лайықталып, мектеп әкімшілігімен құрылыда.
Жас мамандарға, әдістемелік жұмыстары мен біліктілігін арттыру үшін аптасына бір демалыс күні беріледі.
8.4. Мектеп әкімшілігі жұмыс уақытында педагог қызметкерлерді мектеп бойынша кезекшілікке тартады. Кезекшілік сабақ басталудан 20 минуттан кейін аяқталады. Кезекшілік кестесі мектеп директорымен жарты жылға курылады және бекітіледі.
8.5. Мұғалімдер үшін кезекті еңбек демалысы келмесе, күзгі, қысқы, көктемгі, сондай-ақ жазғы демалыс кезі жұмыс уақыты болып есептеледі.
Осы мерзімде, сондай-ақ мектепте сабақ болмаған кезде олар заңмен белгіленген уақыттан аспайтын уақытқа, мектеп әкімшілігімен педагогикалық ұйымдастырушылық және әдістемелік жұмыстарына тартылады.
Демалыс уақытында қосымша оқыту және қызмет етуші персоналы белгіленген жұмыс уақытының көлемінде арнайы білімді қажететпейтін шаруашылық ісіне тартылады.
8.6. Педагогикалық кеңестер, директордың жанындағы кеңестер, әдістемелік бірлестік кеңестерінің уақыты екі сағаттан артық, секциялар -45 минуттан бір жарым сағатқа дейін, ата –аналар жиналысы – бір жарым сағаттан аспауы тиіс.

Мұғалім міндетті:
Мұғалім қоңырау соғысымен сабақты бастауға және аяқтауға, оқу уақытын бос жұмсамауға тиіс.
Әр сағатқа және сынып сағатына күнтізбелік жоспары болуы керек .
Оқу жүктемесіне қарамастан, мұғалімдер мен оқушыларға жоспарланған барлық іс-шараларға қатысуға.
Әр оқу тоқсанының бірінші күні немесе бірінші білім күні ағымдағы жылдың тақырыптық жоспары болуға.
Мектеп директоры орынбасарларының өкімін уақытында орындауға.
Мектеп директорының барлық бұйрықтарын сөзсіз орындауға, бұйрықпен келіспеген жағдайда еңбек дауы бойынша комиссиясына шағымдануға.
Сынып жетекшісі кесте мен тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес аптасына бір рет сынып сағатын өткізуге міндетті. Тәрбие жұмысының жоспары жылына бір рет жасалады.
Сынып жетекшісі оқу жоспарына сәйкес сыныппен сабақтан тыс тәрбие жұмысымен айналысуға , сондай-ақ оқу жылында төрт реттен кем емес ата-аналар жиналысын өткізуге.
Сынып жетекшісі аптасына бір рет оқушылардың күнделіктеріндегі баға қорын тексеруге міндетті.
Педагогикалық және басқа да мектеп қызметкерлеріне тыйым салынады.
Өз білгені бойынша сабақ және жұмыс кестесін өзгертуге.
Сабақ және қоңырау ұзақтығын қысқартуға немесе ұзартуға.
Оқушыны сабақтан шығарып жіберуге .
Мектеп бөлмелерінде, мектеп аумағында темекі шегуге.